

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2020 жылғы 3 қыркүйектегі  
№ ДС-120 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің «Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асыруға қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

*«Ауылдық елді мекендерді айқындауға арналған өлшемшарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 81 бұйрығын қайта қарауға қатысты.*

Қазіргі уақытта ауылдық аумақтарды дамыту Өңірлерді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы).

Ауылдық елді мекендердің әлеуетін айқындау критерийлері бекітілген әдістеме әзірленді (ҰЭМ 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 81 бұйрығы). Әдістемені әзірлеу кезінде 150-ден астам бағалау көрсеткіштері, оның ішінде халық санының өсу серпіні ескерілді, мал және өсімдік шаруашылығының жалпы қосылған құны, халықты жұмыспен қамту динамикасы, олардың ірі елді мекендерге жақындығы және т.б.

Бұл ретте әдістемені әзірлеу кезінде жергілікті атқарушы органдардың пікірлері ескерілді, аймақтармен бірнеше рет кездесулер өткізіліп, бағалау критерийлері түзетілді.

Бұдан басқа, әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетін айқындау кезінде жұмыс күші тапшы өңірлерді дамыту ерекшелігі ескерілді (әдістемеде «орташа қоныстанған өңірлер» термині қолданылған). Мысалы, «халық саны» жіктеу факторы үшін 4-ке тең түзету коэффициенті қолданылды, ол өңірлік демографиялық шек (бұдан әрі – ӨДШ) халқының санына қарай айқындалған. ӨДШ ауылдық елді мекен (бұдан әрі – АЕМ) халқының санын облыстар бойынша бөлудің орташа мәні негізінде анықталды (медианалар) және екі санатқа бөлінеді:

- 1) халық тығыз орналасқан өңірлер үшін – 1 900 адам /АЕМ;
- 2) халық орташа қоныстанған өңірлер үшін – 700 адам /АЕМ.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетінің жиынтық есебі тірек АЕМ (даму әлеуеті жоғары) үшін айқындалады: халық тығыз орналасқан өңірлердегі ауылдық кластерлер – 65 балдан бастап, халықтың орташа қоныстанған өңірлерінде – 55 балдан бастап. Басқа АЕМ үшін тиісінше 65 және 55 балдан төмен.

Инфрақұрылымдық даму жөніндегі шараларды іске асыру өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес жүзеге асырылатын болады, оларға қызметтер мен игіліктердің нақты тізбесі кіреді (ауылдар үшін 12-ден 32-ге дейін, қалалар үшін – 51).

Жалпы ауыл халқының 87%-дан астамын ауылдық аумақтарды дамыту шараларымен қамту жоспарланып отыр.

**Жоғарыда баяндалғандардың негізінде даму әлеуеті бар ауылдарды анықтау барысында солтүстік өңірлер үшін параметрлері ескерілді. Қазіргі уақытта өлшемшарттарды қарау мәселесі қарастырылмайды.**

*«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен «Ауыл – Ел бесігі» жобасының үйлесімділігін қамтамасыз ету бойынша шара қолдануға қатысты*

2019 жылы «Ауыл - Ел бесігі» жобасын іске асыру алғашқы оң нәтижелерді көрсетті. 700 мыңға жуық адам тұратын 53 ауылда 520-ға жуық іс-шара жүзеге асырылды, оның 247-көлік инфрақұрылымына, 193-әлеуметтік инфрақұрылымға және 80-тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына тиесілі, оларда 4 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

2020 жылы «Ауыл - Ел бесігі» жобасы шеңберінде жалпы сомасы 98,0 млрд. теңгеге (РБ 84,2 млрд. теңге, ЖБ 13,8 млрд. теңге) 216 АЕМ-де (184 тірек, 32 серіктес) 920 жоба іске асырылуда. Аталған іс-шаралар шеңберінде 1,4 млн. адам қамтылып, 16 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Аталған қаражат көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша - 368, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық - 329, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бойынша - 223 жоба бағытталды.

Тірек және серіктес ауылдарды басым дамыту қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар инфрақұрылымды дамыту, кәсіпкерлікті дамытуға және қолдау жөніндегі – «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» және т.б. АӨК дамыту, «Еңбек», «БЖК» және аумақтарды дамыту бағдарламалары арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл ауылдық аумақтарды кешенді дамытуды қамтамасыз етуге және тиісінше «Ауыл - Ел бесігі» жобасын іске асырудан барынша жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

**Жалпы Ұлттық экономика министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп «Ауыл - Ел бесігі» жобасын Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен үйлестіру бойынша жұмыстарды күшейтетін болады.**

*Ауылдық округтер әкімдерінің, аудандар әкімдіктерінің, мәслихаттардың және қоғам өкілдерінің пікірлерін ескере отырып, жұмыс күші тапшы өңірлердің, бірінші кезекте солтүстік облыстардың болашағы бар ауылдарының тізбесін кеңейту мүмкіндігін қарастыруға қатысты*

Әдістемеге сәйкес 6 322 АЕМ-нен даму әлеуеті бар 3 561 ауыл іріктелді, оның ішінде 1 173 тірек және 2 388 серіктес ауылдар.

Жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары бойынша бұл тізбе бірнеше рет қайта қаралып, кеңейтілгенін атап өту қажет.

Даму әлеуеті бар АЕМ-нің көрсетілген тізбесіне кірмеген ауылдар, ағымдағы қаржыландыру шеңберінде негізінен жергілікті бюджет қаражаты есебінен дамитын болады.

**Осыған орай Ұлттық экономика министрлігі жергілікті атқарушы органдардың негіздемелерін ескере отырып, тірек және серіктес АЕМ тізбесін кеңейту бойынша жұмыстарды жүргізетіндігін хабарлайды.**

**Е. Тоғжанов**